

Міржақып Дулатұлы: «Оян, қазақ!» Гүлнәр Міржақыпқызы: «Ойлан, қазақ!»

Әкелі-балалы екеуі де қараша айында дүниеге келіпті. Әке 50 жыл ғұмыр кешсе, қызы 98 жасқа қараған шағында өмірден өтті. Енді, міне, әкесінің туғанына 130 жыл, қызының туғанына 100 жыл болыпты.

Қиын тағдырлы тұлғалардың әрқайсысына қос ғасырдың дәуірі мен дүрмегін көруге жазыпты. Сонда Міржақып пен Гүлнәрдің қосақталған өмір шеруі үш ғасырдың соқпағына ұласқан екен. Дәлірек айтсақ: XIX-XX-XXI ғасырлар бедерінде.

Уақыт ұмытпайтын, ешқашан жадынан шығармайтын ұлтжанды зиялылар осындай-ақ болар! Сөздері мен істері мінсіз қабысып келіскен, халқының арман-мүддесіне адалдықпен ант беріскен, жұртының уайымы мен мұңын қалтқысыз бөліскен, болашақтың шаттығы мен шадьян тірлігіне ұрпақтарын рухани жетелен, ойша көріскен – неткен өрелі де өркенді жандар еді. Айрықша жаратылыс иелері ғой демеске лажын жоқтай!

Ғасырлар жылжи берер... Ыстық жүректерден төгілген мына төмендегідей лағыл сөздер әркімді ойлантып, толғатар! Сөздері өлмес, Міржақып пен Гүлнәрдай дара өскен дарактардың тамыры терең тартып, мәуесі әр қазаққа пана бола берер!.. Оқылық бірге ендеше... Мерейтойларына деген көңіл сыйы, жан шашуы болсыншы!

МІРЖАҚЫП:

...біздің халық дүние сарайының бір қараңғы түкпірінде ұйықтап, ұмыт қалған секілді болып тұр...

...Екінші, дүниемізде қажетті хақыларымызды алып, жерімізді, малымызды сақтау үшін, басқалардан хорлық көрмес үшін, орысша оқып үйренді (өнер) болалық.

Екі сұңқар таласса, құзғынға жем, Берекесін бұл қазақ сүйіп құртықан.

Үйренген халықпыз ғой кемшілікке, Талпынып ұмытпайтын кемшілікке.

Қазағым, көрмегенің әлі алдында, Боларсың көне берсең мұнан жаман. Босыңда аяқ-қолым қимылдап қал, Бір күнде тыпырлауға келмес шаман.



Міржақып Дулатұлы

Кір жуып, кіндік кескен қайран жерлер, Мұжыққа, қош аман бол, барасың ба?

Қазақтың көп жерінде мешігі жоқ, Жоғына себеп болған миссонер поп.

Ғылымды ғалымменен құрметтемей, Өлбетте, мұның бәрі надандықта.

Күн көреміз қайда барып, Алашым? Білгіштерің хәл мүшкіл қарасың.

Бірлік жоқ, алғы ауызды халықпыз ғой, Қатардан сол себепті қалыппыз ғой.

Мен не болсам, болайын саған садақа, Сүйікті жұртым, қақпанға түсіп алданба!

«Алаш!» деп ұран естілсе, Кім бұрылмас қанына.

ГҮЛНӘР:

Бұл – 1917 жылы, Орынборда Байтұрсынов Ахмет атам мен әкесінің «Қазақ» газетін шығарып тұрған уақыты. Сол жылы июль айында өткен «Алаш» партиясының ІІ съезіне қатысқан Абайдың баласы Тұрағұл біздің үйге келіп түсті.

Мен өзімді тым ерте үш-төрт жасымнан біле бастадым. Әкесінің өнебойы түрмеде отыруы, үйде болмауы, шешем екеуімді қасірет шегіп, Семей, Атбасар, Көкшетауда апаларының үйінде тұруымыз бала болсам да жаным бататын-ды, көкірегімді шерге толтырып, әртүрлі ойлар мазалап, қамығып уайымдайтынмын.

Менің балалық дәуірімің қасіретсіз күндері көп болған жоқ, жеті жылдай ғана көңілді жүрдік. Бұл 1922 жылдан 1928 жылға дейінгі аралық. Осы тұста көп жыл армандаған күндер туды. Семьямыз бірігіп, біз үшін бақытты да, қызықты да болып саналатын шақ Орынбордан басталып, Қызылордада жалғасты.

Әкем «құралайды көзінен атып түсіретін» нағыз мерген еді. Аңға барған сайын әкелетін құстары отыз-қырықтан кем болмайтын.

Әкем болса бас бостандығы бар кезін пайдаланып халқының қамын ойлап, жанталасып, тыным таппай Тәшкент, Түркістан, Семей, Омбы, Қызылжар, Минск, Петербург, т.б. қалаларды кезіп жүретін.

Кейін алғашқы мұғаліміміз Аманғали Серібаев әкем екеуі «Еңбекші қазақ» газетінің редакциясында бірге жұмыс істеген-ді, жақсы журналист болды.

Зылиқа (М.Жұмабаевтың зайыбы) апайды бұрыннан яғни 1970 жылдардан бері танытты ем, арада талай жыл өтіп, 1989 жылдың февраль айында қайтадан табыстым. Папамды жақсы білесіз бе деп сұрадым. Зылиқа ана: «Білгенде қандай, папаң Мағжан екеуіміздің тойымызда болған».

Әкем басына келген қауіпті елең қылмай аса сабырлы, байсалды қалпымен мұнайып жылап тұрған бізді жұбатып: «жыламаңдар балаларым, тағдырдың тәлкегі адамды әлі талай қиын бестерден өткізеді, шыдап берік болыңдар. Сендер әлі-ақ ержетесіңдер, сол кезде бәрін түсінерсіңдер, бақытты болыңдар, оқуларыңды үзбейдер, мамаларыңды ренжітпесейдер болған» – деп қоштасып, бәрімізді сүйіп, өзін айнала қоршаған алты адамның ортасында кете барды.

Міржақып әкем алған бағытынан ешқашан қайтпаған, «Оян, қазақ!» үшін патша зынданында отырған...



Гүлнәр Міржақыпқызы

... Мұндай тозақтан қажырлы қалпын жоғалтпай, шаштары ағармай Соловкіге жетуі адам таңқаларлық ерлік, бұл қалпын шешем 1934 жылы көріп келген-ді.

Әкем соңғы рет ұсталып кеткенде, Ғайнижамал шешемнің жасы небары отыз үште еді. Ерлі-зайыпты Дулатовтар неке қиып 1914 жылы қосылғаннан бері, бірге тұрып қызықты өмір сүрген мерзімі ұзаққа созылған емес.

Біздің үй Алматыға көшпей, сол Қызылордада 1932 жылға дейін тұрып қалдық. Көктемде шешемнің өкпе ауруы қозып төсек тартып қалатын еді...

Біздің Сатыбалдиевтер отбасында өз басым төрт баланың анасы болғаннан бері өткен аумалы-төкпелі заманның ыңғайына қарап келдім. Қырағы саясатқа тура келмейтін, атынан бүкіл қазақ баласы шошынған «Алаш» партиясы туралы, оның басты лидерлері кімдер болғаны, өз әкем М. Дулатов жайлы балаларыма соңғы жылдарға дейін үй-ішінде әңгіме қозғамай келдім. Ен басты себебі – олардың ер жетіп, сана-сезімінің толысып өсуін күттім.

Жасыратыны жоқ, 13-ке толғанымда «халық жауының» қызы атандым, жазықсыз басыма кінә тағып қудалау басталды. Жұрт қатарлы сүйікті әкемнің атын атап, еске алып, ашық айту деген менің пешенеме жазылмады.

...Дулатовтан бұрын қазақ тілінде «Есеп құралын» жазғандар болмаған. Сондықтан әкемді қазақтың тұңғыш математигі деуім жөн болар.

Надандықтың қираталық қамалын, Мақсатыңа ұмтыл таяу, Алашым!

Аптықтан қырғын тапқанда, Сыпыра жомарт, қайда едің?

Тенгерілер заман келді, Қазақ қызы теңел енді.

Басқа жұрт біз секілді жалқау емес, Ғылыммен қараңғыны етер жарық.

Халықты тура жолға басталық та.

Енді бұл шенеуніктер қазақ даласына мыңдаған мұжықтарды жер аударып, қазақтардың суы мен шұрайлы жерлерін тартып әперуде.

Күннің көзі жалқауға да, іскерге де, байға да, пақырға да бірдей түскені секілді, көпке бірдей болған жақсылықтан мақұрым қалу, оның үстіне қазақ халқы өзінің сыбағасын іздемей, сұрамай, қатты наразылық көрсетпей жатуы да кемшілік.

...әлгі жас балалар орыс кітаптарыменен орысша оқып кетсе, тез уақытта тілін ұмытып, дінінен де айырылып қалу қауіпі бар.

...келер Думаға қазақ халқынан да депутаттар сайлануын сұрау керек. Әлбетте, бұл турада бірлі-жарым адамның тілегі тілек болмайды, күллі жұрт болып сұрауға керек.

Жүз айтсақ та бір тілек: надандық түнегінде адасқан бейшара қазақ халқын жетектеп жарық дүниеге шығарушы қаһармандарға мұқтажбыз.

Халықтың ғұмыры 20-30 жылдығына емес, дүние тұрғанша тұрады. Соның үшін түбін ойлағанда, қазіргі тұрмыстың неше ғасырлардан бері бекіп қалған негізін бұзбауға керек.

Құдай не жазса, соны көреміз деу – соқырлықтың белгісі. Тағдырдың жазғаны болар деу – ақымдықтың белгісі. Адам не тілесе, құдай соны тағдыр қыламыз. Тікен екен жерге бидай шықпайды емес. Ағаштың тамырына балтаның жүзі тиісе қуармақшы.

Егер тарих оқысақ, пайдасы бар істің қандай екенін біліп, соны істемекшіміз. Зарарлы істен қашпақшымыз. Бұрынғының онды ісінен үлгі алмақшымыз.

Осы күнде істеп жүрген ісіміз, қылған жұмысымыз, мінез-құлқымыз, сөздің бәрі кейінгілерге тарих болып қалады.

Кейінгілер ғибрат аларлық үлгі тастап кетіп, алғыс, рақмет алармыз ба? Жоқ, далаға лағып, жөнсіз кетіп, қарғыс лағнет аламыз ба? Кеудесінде көзі бар адам көп ойланарлық жұмыс.

Тарих – түзу жөн үйретуші. Тарих – түзушіліктің кітабы. Тарих – тіршілікте жол-басшы дейтініміз осы.

Тарих кітаптарындағы көп қатенің бірі – тарих жазушылардың ешбірі қазақ пен қырғызды айырмайды. Қазақ – қазақ! Қырғыз өз алдына қырғыз. Түркімен мен башқұрт қандай басқа-басқа ел болса, қазақ пен қырғыз да сондай басқа ел.

Орыстардың, әсіресе үкіметтің қазақты, қазақ демей қырғыз деп жүргені рас. Бірақ олар өзінің атты «Қазақты» ғаскерінен айыру үшін жаңылыс болса-дағы қазақты қырғыз атап жүр.

«Алаш» деген сөздің алғаш мағынасы – Отан кісісі (соотечественник) деген сөз болады. Мұны бір ақынның Абылайға айтқан өлеңінен білеміз: «Тақсыр-ау, ұнатсаңыз, қарашымын, Ұнатпасаң, жай жүрген алашыңмын», – дейді. Сол өлеңде «Алаш» отан кісісі мағынасында. Және қазаққа «Алаш келе ме, Алаш келе ме» деген бір мәтел сөз бар. Сондағы Алаш – шет елдің кісісі, Алаш – отан кісісі мағынасында болады.

«Басынның сауында бер садақасын, ұша алмас салсаң бүркіт тоғамасын» дегендей, пәледен басқа келмей тұрғанда сақтанбасақ, томаға килген соң жөн тауып ұшу қиын болар.

Өзінде ғылым жоқ, өнер жоқ, кәсіп жоқ жұрттың да өзге ғылымды, өнерлі, кәсіпшіл жұртқа малайлыққа жалданғаннан басқа қолынан келері жоқ.

Бізге негізгі бір зор адасқандық – өз ісімізді өзіміз істемей, өзгеге сенгендік. Өзіміз жай жатып сұрай берелік дейміз де, сұрай береміз. Сұрағанын алмақ түгіл, қазақ әлі алдырумен келеді.

Өзгеге сенбей, өлмес жағымсызды өзіміз көздеп ойлансып, қамдану керек емес пе?

Тіршіліктің қызығы адамзатқа жақсылық қылуменен болып көрінеді.

Қандай адам жақсы кісі болмақ керек? Сондай адам жақсы, кімде-кім жетім-жесір, көріп-қасар, қысылған-қымтырылғандарға жақсылық қылып, оларды қуантып қойса.

Жағаласпай, жармаспай ешкім қатардан орын бермейді. Басқалармен тізелесуге, тартысуға, жарысуға оқу-білім керек. Надан жұрт оқымысты-білімді жұртпен қатар тіршілік ете алмайды. Есігінде жұрп азып-тозып кетеді.

Қазақ 15-тен жер кестіріп алып, мұжық сияқты қала болып орнықса, оқу-білімді тез үйренеді. Көшіп жүргенде құлан-қиіктей еш уақытта басы қосылмайды.

Халықтың мәдениет жолында ілгері басып, ел қатарынан қалмасына себепші болатын нәрселердің бірі баспасөз, яғни газет-журнал, кітаптар екендігі шексіз.

...Абайдың өлген күнінен қанша алыстақ, рухани сонша жақындамыз.

Кешегісін ұмытқан, бүгінгісін сезбеген, ертеңгісін қайғырмаған адам кімге басшылық қылады.

Өзге жұрт өнер-білім, кәсіптің жаңа түрін тапқанда, біз даудың, пәле-жаланың жаңа түрін таптық.

Ас беруден мүйіз шығатын болса, баяғыдан бері ас беріп келе жатырмыз ғой. Одан қанша абырой алып, жұрт алдына шықтық, бір тойған тамақ жинаған жұртқа қаншаға үнем болады. Шариятқа салғанда да ас берудің жөні жоқ, ысырап қылып күнә таппасақ, алар сауабымыз шамалы.

Өз ісімізді өзіміз басқара алмасақ, бізді біреу келіп түзетер деу адасқандық.

Жақсы болу үшін депутат болу шарт емес. Депутат болу үшін жақсы болу шарт.

Бостандық болып еді, өз тізгініміз өз қолымызға тиіп еді, не істедік? Бұрынғыдан артық қанша алысқа уазадық?

Жер-су еңбекші халықтыкі. Шалқасынан жатып, малай жалдап, егін ектіріп, мал бақтырып, кейде тіл табан ақы, маңдай терімен пайдаланушының імес.

Енді әр халық өз тілінде оқуға, өз тілінде жазуға, өз тілінде тергеуге тиіс.

Осы бастан адамгершілікке, тазалыққа, дұрыстыққа құмар болмаған жас ұлғайғанда, қартайғанда ешкімді жарылқай алмайды.

Наурыз – қазақтың шын мағынасындағы ұлт мейрамы.

Оқудағы мақсат – жалғыз құрғақ білім үйрету емес, біліммен бірге жақсы тәрбиені қоса беру.

бұл кісі де құр қалмаған. Серілік жігітшілігі, сұлулармен романдары жұртқа белгілі болатын...

Көп ұзамай, мереке күндері өтісімен Шолпан Ахметқызы екеуіміз Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына барып, әкелеріміздің ақталған құжатын алдық. Бір айта кететін нәрсе, ақталу қаулысы 1988 жылғы 4 қараша күні шығуы маған арналған сыйлықтай дәл туған күніме сәйкес, тура келуін қараңызшы.

«Ертең күйеулеріңді жүргізеді (Қызылордадан)», – дегенді маман ести сала даярлана бастады... шеттегі түйікқа (түпнік) тұрған жалғыз қызыл вагон. Жанында мылтықты екі күзетші солдат тұр... Сол мезгілде вагонның темір торлы кішірек келген терезесінен папам көрінді. Бізге қолың бұлғақтатып сөйлеп тұрды... не айтып тұрғанын ести алмадық... Бұл мәңгі есімнен шықпайтын күнім 1929 жыл маусымының жиырма төрті.

Сосновецтен салынған папаның (қайтыс болғаннан кейін) заттары келер қарсаңында маманды үйде жалғыз қалдырмайтын болдық. Көп кешікпей бағажы да қолымызға тиді. Папаның тұтыңған ісі сінген киім-кешегін алғанымызда көңіл шіркін болса, жылдарымызды ұмытқаным жоқ, оны айтпаса да түсінікті болар.

Әкемнің сүйіп алған жары, сенімді серігі, айнаым жұбайы Ғайнижамал Баймұратқызы Досымбекова-Дулатова оның өзінен он жас кіші болатын... Ардақты анам қырық бес жасында 1940 жылы 15 сәуір күні дүниеден өтті.

Анам жиын-тойларда, кәделі кештерде би биледі тәуір көретін. Қаныш Сәтбаев аға екеуінің мазурканы билегенін көрген-ді, бұл 1924 жылы еді. Маман гитар тартып орыстың романстарын «Ах, Настя, ты Настя», «Вечерний звон» өлеңдерін келістіріп айтатын.

Кітапсыз бір күн тұра алмай келемін, бұл жақсы қасиетті бойыма сінрген менің ардақты анам – Ғайнижамал болса, менен ауысқан бұл әдет – кітапқұмарлық өз балаларыма да дарығанына қуанамын.

Бадрисафаны мен әжеке деп, Ахметті әтеке дейтін ем. Орынборда бірге тұрып, тілім шыққанда әкем солай үйреткен.

Сонымен, қорытып айтармыз, қаламгер жолдастар жауапты мәселеге келгенде жан-жақты мұқият зерттеп, анығына көз жеткенде ғана жазса деген тілек білдіреміз. Әйтпесе, біз секілді ұрпақтар мен көзі көрген куәгерлерді баспасөздегі мұндай бұрмалаулар қатты қынжылтады.

Бір жазушының сөзіне қарағанда, Міржақып әкеміз мұрдеісін іздеп барып табушы да мен,

дәрігерлік тәсілмен сүйегін зерттеуші де мен болыпмын. Жұрттың бәрі құлақтанған, білетін газеттерде басылып жүрген деректерді бұрмалаудың қажеті не?.. Әкемің мұрдеісін көп машақатпен іздестіріп сонау Сосновецке, Соловкіге бірнеше рет барып, тұрғылықты адамдармен жолығып тапқан жас ғалым Марат Әбсеметов емес пе? «Абақты» шығармасына дәлелсіз нәрселерді, білмегенді кіргізудің керекі қанша?

Сөйтіп, бір күні белгілі ақын Сәбит Дөнентаевтың 1989 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Ұрпағым айтарым» атты кітабын оқуға кірістім. Бас көтерімей сүйсіне оқып отырып, отыз екінші бетіне жеткенде өзіме таныс әкеміз Міржақыптың «Сағыну», «Елім-ай», «Әбуһиранстан», «Шәкірт» атты өлеңдері көзіме оттай басылды. Бұл қалай? ... Әкемің асыл мұрасын көздің қарашығындай қорғау менің перзенттік борышым. Соны өтеу үшін де қолыма қалам алып отырмын.

Бұл тарихи хабарды – Міржақыпты өз топырағына жерлеуді басынан аяғына шейін «Азаттық» радиосынан Хасен Оралтай жан-жаққа бүкіл әлемге жеткізіп жатты, ел ішіндегі жұрт «Егемен Қазақстан» газетінен Қайсар Әлімнің мәлімдемелерінен бәрін біліп отырды.

Міржақыптан қалған жалғыз болғандықтан, өзімді әке өмірінің жалғасындай көріп, фамилиясын өшірмей, Гүлнәр Дулатова болып өмір сүріп келемін.

Кешегі сөз – «Оян, қазақ!» болса, енді оянған халыққа айтар бүгінгі сөз – «Ойлан, қазақ!» Осы – менің түйіп, тұжырымдап айтарым!..

«Еңбекші қазақ» (бүгінгі «Егемен Қазақстан») газетінде төрт жыл істедім, өзімді әлі күнге сол редакцияның мүшесі санаймын», – деп Міржақып Дулатовтың өзі жазып кеткендей, төл ұжымы да жалынды күрескер, қарымды қаламгерін шежірелі тарихымен бірге ілестіріп алып келе жатыр... «Еңбекші қазақтың» табалдырығында тұтқындалған ол қаншама азыпты жылдарды басынан өткізіп, шет жерде көз жұмғанмен, мұрдеісін туған топырағына жеткізуге «Егемен Қазақстан» барын салып, атсалысты. «Әкем рухына қалтқысыз қызмет еткен «Егеменіме» мың да бір рақмет!» – деп Гүлнәр апай да разылығын үнемі айтып отырушы еді. Сол «Егемен» алаш қызы Гүлнәр ел жоқтай білді...

... Әкесі мен қызының мерейтойларына байланысты бүгінгі жарияланым да қос арыс сүйе білген «Егеменнің» өшпес ілтипаты да!

Қайсар ӘЛІМ, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.